



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 312–
324
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP 03.61.91 / МРНТИ 03.61.91/ IRSTI: 03.61.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_312-324

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ

Айгерим Серікқызы Есенаманова¹, Аманжол Боранбайұлы Қалыш², Алия Исаевна Исаева^{3*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы, 050038, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Аға оқытушы
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: yessenamanovaaigerim@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
<https://orcid.org/0000-0003-3073-1368>. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Гоголь көшесі 114/8, 050000, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастр. профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: aliyaissaevna@gmail.com.

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026
© Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың екінші жартысы аралығында Орталық Азия мен Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтарының дәстүрлі кілем тоқу өнеріне кешенді тарихнамалық талдау жасалады. Кілем бұйымдары әлеуметтік құрылымның ерекшеліктерін, эстетикалық талғамды және тарихи-мәдени дамуды бейнелейтін мәдени-тарихи артефакт ретінде, сондай-ақ айқын символдық және идентификациялық әлеуетке ие материалдық мұраның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – кілем тоқу дәстүріне ғылыми қызығушылықтың қалыптасу кезеңдерін анықтау, оны зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін талдау және Қазақстан музейлеріндегі кілем өнерін репрезентациялау тәжірибелерін бағалау. Міндеттері: кілем тоқу дәстүрінің ғылыми тұрғыда зерделенуінің тарихи кезеңдерін сипаттау; ортағасырлық жазба деректерден бастап заманауи музейлік интерпретацияларға дейінгі зерттеу әдістерін салыстыру; кілемнің этнологиялық және өнертанулық талдау нысаны ретіндегі рөлін қарастыру; Қазақстан музейлеріндегі кілем бұйымдарын сақтау, каталогтау және экспозициялау тәжірибелерін бағалау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу базасын ғылыми жарияланымдар, этнографиялық сипаттамалар және музейлік каталогтар құрайды. Салыстырмалы-тарихи талдау, музейлік экспозицияларға контент-талдау және музейлік интерпретация әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Дәстүрлі кілем тоқу өнеріне ғылыми қызығушылықтың кезең-кезеңімен

* Корреспондент автор

эволюциясы анықталды: ортағасырлық саяхатшылардың сипаттамаларынан XIX–XX ғасырлардағы этнографиялық және өнертанулық зерттеулерге, одан әрі интерпретациялық тәжірибелерді қамтитын заманауи музейлік практикаларға дейінгі даму үрдісі айқындалды. *Қорытынды.* Түркі халықтарының дәстүрлі кілем тоқу өнері материалдық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі әрі тарихи жад пен этномәдени бірегейліктің тасымалдаушысы болып табылады. Тақырыптың тарихнамасы ғылыми парадигмалардың трансформациясын көрсетеді, ал заманауи музейлік технологиялар бұл мұраны ғылыми айналымға енгізу, сақтау және интерпретациялау мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Кілт сөздер: кілем тоқу өнері, тарихнама, материалдық мәдениет, түркі халықтары, Орталық Азия, Қазақстан, этнография, сәндік-қолданбалы өнер, музейлік коллекциялар, мәдени мұра, артефакт, тарихнама

Дәйексөз үшін: Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. Түркі халықтарының кілем тоқу дәстүрін зерттеу тарихнамасы: этнографиялық және музейлік тұрғыдан шолу // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 312–324-бб. [қазақша] DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_312-324

ИСТОРИОГРАФИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРАДИЦИЙ КОВРОТКАЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ: ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ И МУЗЕЙНЫЙ ОБЗОР

Айгерим Сериковна Есенаманова¹, Аманжол Боранбайұлы Калыш², Алия Исаевна Исаева^{3*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Просп. аль-Фараби, 71. 050038 Алматы, Республика Казахстан)
Старший преподаватель
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: yessenamanovaaigerim@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Просп. аль-Фараби, 71. 050038 Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0003-3073-1368>. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

³ Казахский национальный педагогический университет
(Ул. Гоголя, 114/8. 050000, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Кандидат исторических наук, ассоцир. профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: aliyaisaevna@gmail.com.

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Есенаманова А.С., Калыш А.Б., Исаева А.И., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье проводится комплексный историографический анализ традиционного ковроткачества тюркских народов, населявших территории Центральной Азии и Казахстана в период с конца XIX по вторую половину XX в. Рассматриваются ковровые изделия как культурно-исторические артефакты, отражающие особенности социальной структуры, эстетического восприятия и историко-культурного развития, а также как часть их материального наследия с ярко выраженным символическим и идентификационным потенциалом. *Цель и задачи исследования.* Цель исследования – выявить этапы формирования научного интереса к традиции ковроделия, проанализировать методологические подходы к ее изучению и оценить практики репрезентации коврового искусства в музеях Казахстана. *Задачи:* охарактеризовать исторические периоды научного освещения традиции ковроткачества; сравнить методы исследования от средневековых письменных источников до современных музейных интерпретаций; рассмотреть роль ковра как объекта этнологического и искусствоведческого анализа; оценить текущие практики сохранения, каталогизации и экспонирования ковровых изделий в казахстанских музеях *Материалы и методы.* База исследования – научные публикации, этнографические описания и музейные каталоги. Применены сравнительно-исторический анализ, контент-анализ музейных экспозиций и методы музейной интерпретации. *Результаты.* Выявлена последовательная эволюция научного интереса к

* Автор-корреспондент

традиции ковроткачества: от описаний средневековых путешественников к этнографическим и искусствоведческим исследованиям XIX–XX вв., а затем – к современным музейным практикам, включающим интерпретационные практики. *Заключение.* Традиционное ковроткачество тюркских народов представляет собой важный компонент материальной культуры и носитель исторической памяти и этнокультурной идентичности. Историография этой темы отражает трансформацию научных парадигм, а современные музейные технологии расширяют возможности сохранения и интерпретации данного наследия в научный оборот.

Ключевые слова: ковроткачество, материальная культура, тюркские народы, Центральная Азия, Казахстан, этнография, декоративно-прикладное искусство, музейные коллекции, культурное наследие, историография.

Для цитирования: Есенаманова А.С., Калыш А.Б., Исаева А.И. Историография изучения традиций ковроткачества тюркских народов: этнографический и музейный обзор // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 312–324. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_312-324

HISTORIOGRAPHY OF THE STUDY OF THE TRADITIONS OF CARPET WEAVING AMONG TURKIC PEOPLES: AN ETHNOGRAPHIC AND MUSEUM REVIEW

Aigerim Yessenamanova¹, Amanzhol Kalysh², Aliya Issayeva^{3*}

¹Al-Farabi Kazakh National University
(Al-Farabi Aven, 71, 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Senior Lecturer
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: yessenamanovaaigerim@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University
(Al-Farabi Aven, 71, 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor
<https://orcid.org/0000-0003-3073-1368>. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

³Kazakh National Woman Pedagogical University,
(Gogol Street, 114/8. 050000, Almaty, Republik of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: aliyaisaevna@gmail.com.

© Valikhanov IHE, 2026

© Yessenamanova A.S., Kalysh A.B., Issaeva A.I., 2026

Abstract. *Introduction.* The article presents a comprehensive historiographical analysis of the traditional carpet-weaving of Turkic peoples who inhabited the territories of Central Asia and Kazakhstan from the late nineteenth century to the second half of the twentieth century. Carpet products are examined as cultural and historical artifacts reflecting the characteristics of social structure, aesthetic perception, and historical-cultural development, as well as a component of material heritage with a distinctly expressed symbolic and identificational potential. *Research objectives and tasks.* The purpose of the research is to identify the stages in the formation of scholarly interest in the carpet-weaving tradition, to analyze methodological approaches to its study, and to assess the practices of representing carpet art in museums of Kazakhstan. The objectives are: to characterize the historical periods of academic attention to the carpet-weaving tradition; to compare research methods from medieval written sources to contemporary museum interpretations; to examine the role of the carpet as an object of ethnological and art-historical analysis; and to evaluate current practices of preservation, cataloguing, and exhibition of carpet items in Kazakhstani museums. *Materials and Methods.* *The research is based on scholarly publications, ethnographic descriptions, and museum catalogues.* The study employs comparative-historical analysis, content analysis of museum exhibitions, and methods of museum interpretation. *Results.* A consistent evolution of scholarly interest in the carpet-weaving tradition has been identified: from descriptions by medieval travelers to ethnographic and art-historical studies of the

* Corresponding author

nineteenth and twentieth centuries, and subsequently to contemporary museum practices incorporating interpretative approaches. *Conclusion.* The traditional carpet-weaving of Turkic peoples represents an important component of material culture and a bearer of historical memory and ethnocultural identity. The historiography of this topic reflects the transformation of scientific paradigms, while modern museum technologies expand the possibilities for preserving and interpreting this heritage within scholarly discourse.

Keywords: carpet weaving, material culture, Turkic peoples, Central Asia, Kazakhstan, ethnography, decorative and applied arts, museum collections, cultural heritage, artifact, historiography.

For citation: : Yesenamanova A.S., Kalysh A.B., Issaeva A.I. Historiography of the study of the traditions of carpet weaving among Turkic peoples: an ethnographic and museum review // Otan tarihy. Vol. 29. No 1. Pp. 312–324. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_312-324

Кіріспе. Көшпелі ортада адамның шаруашылық-мәдени қызметіне байланысты барлық дерлік заттар, құралдар мен нысандар тек утилитарлық (пайдалық) қызмет қана қоймай, сонымен қатар олар бірқатар басқа да қызметтерге – рәсімдік-әдеттік, коммуникативтік, эстетикалық, мәртебелік-символдық, ал кей жағдайда институционалдық сипатқа да ие болған. Дегенмен, көшпелі дүниетаным мен әлеуметтік-мәдени кеңістікте бұл бұйымдардың құндылығын айқындайтын басты өлшем – олардың практикалық маңыздылығы болды. Басқаша айтқанда, көшпелі халықтар үшін кез келген нысан ең алдымен өзінің қызметтік қолайлылығы мен қолданбалы құндылығы тұрғысынан бағаланған. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрлі кілемдер мен кілем бұйымдары да бұл ережеден тыс қалмаған.

Қазақстан музейлеріндегі түркі халықтарының дәстүрлі кілем және тоқыма бұйымдарын сипаттауға кіріспес бұрын, Орталық Азия мен Закавказье халықтарының кілем тоқу өнерін зерттеу тарихына қысқаша тоқталу қажет. Өйткені бұл өнер аталған аймақтар халықтарының материалдық мәдениеті мен көркем мұрасының маңызды бір бөлігі болып табылады.

Кілем тоқу өнері зерттеліп отырған өңірлердегі халықтардың материалдық мәдениетінде ерекше орын алады және бірнеше мыңжылдық тарихы бар ежелгі қолданбалы қолөнер түрлерінің бірі болып саналады. Алғашқы кезде кілемдер тек тұрмыстық мақсатта қолданылғанымен, уақыт өте келе олардың өндірісі көркемдік мәнге ие бола бастады, ал кілемдердің өзі әр этностың өзіндік ою-өрнектік және стильдік ерекшеліктерін бойына сіңірген өнер туындысына айналды. Бұл бұйымдар тек сәндік элементтер ғана емес, сонымен бірге көшпелі халықтардың өмір салты мен төлтумалығының символына, тарихи жадысы мен мәдени болмысының ажырамас бөлігіне айналды.

XX ғасырдың ортасына дейін кілем тоқу өнері шамамен 600 жыл бұрын пайда болды деген көзқарас қалыптасқан еді. Алайда археологиялық қазбалар бұл өнердің әлдеқайда ертерек пайда болғанын дәлелдейді. Осыған айқын дәлел 1949 жылы Алтай тауларындағы V Пазырық қорғанынан табылған түкті кілем, ол біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырға жатады. Бұл кілемнің құрылымы қазақ және басқа да түркі халықтарының кілемдеріне тән ою-өрнек құрылымдарымен айқын ұқсастық танытады. Аталған артефакт өте жақсы сақталған және қазіргі уақытта Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитажда экспозицияға қойылған. Оның өлшемі – 1,89 × 2,00 м, тоқылу техникасы күрделілігімен ерекшеленеді, ал декоративтік мотивтері ежелгі Мысыр және гобелен кілемдерінің өрнектерімен салыстыруға болады [Руденко, 1961: 32].

Осы мақаланың мақсаты – кілем тоқу өнерін материалдық емес мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде қарастырып, оны сақтау, музейлік репрезентациялау және дамыту мәселелерін ашып көрсету.

Өркениеттік өзгерістер, ұлы шапқыншылық дәуірлері мен жаһандық тарихи оқиғалар адамзат қызметінің түрлі салаларына шаруашылықтан бастап көркемдік шығармашылыққа дейін – әсер етті. Кейбір қолөнер түрлері уақыт өте келе жойылып, жаңа формаларға орын берсе, басқалары түбегейлі трансформацияға ұшырап, бастапқы белгілерінен айырылып немесе өткенмен тек символдық байланыстарды ғана сақтап қалды. Алайда мұндай үдерістер аясында кілем тоқу өнері үздіксіз тарихи және көркем дәстүрлер сабақтастығын сақтап қалған ерекше мәдени құбылыс ретінде танылады. Бұл өнер өзінің пайда болу сәтінен бастап техникалық тұрғыдан аса өзгеріске ұшырамай, дәстүрлі күйінде бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Ол бір-бірін алмастырған шығыс мәдениеттерінің көркемдік дәстүрлерін өз бойына сіңірген киелі бір ыдыс іспеттес. Тарих сахнасынан өткен әрбір халық бұл өнердің дамуына өзіндік үлесін қосып, оның көркемдік дарынын байыта түсті.

1903 жылы Маңғыстауға келген неміс этнографы Р. Карутц жергілікті халықтың кілем және тоқыма бұйымдары туралы жасаған байқауларында, кестелеу және кілем тоқу өнері қалалық мәдениетпен тығыз байланысты екенін және бұл қолөнер түрі қазақ халқының төл кәсібі болып

табылмайтынын атап өткен. Алайда, зерттеушінің пікірінше, белсенді сауда қатынастарының арқасында мұндай бұйымдар көшпелі халықтың баспанасы киіз үйге еніп, жоғары сәндік құндылыққа ие болған. Карутцтың көрсетуінше, бұл заттар тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар айырбас эквиваленті ретінде қолданылып, өзіндік «валюта» рөлін де атқарған. Қазақтар тікелей кілем тоқу кәсібімен айналыспағанымен, зерттеуші олардың кілемдердің ою-өрнек жүйесіне сөзсіз ықпал еткенін ерекше атап өтеді. Атап айтқанда, ол мүйіз тәрізді бейнелердің бастапқы түрінде де, сан алуан стильдендірілген нұсқаларында да кеңінен таралғанына назар аудара отырып, мұндай элементтер кездеспейтін кілем үлгісін табу өте қиын екенін көрсетеді [Карутц, 1911: 170].

Осылайша, кілемдер мен тоқыма бұйымдарының көшпелі қоғамдағы жоғары құндылығын, олардың ақша айырбас құралы ретінде қолданылуын, сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнердің ою-өрнек жүйесіне тигізген ықпалын атап өтуге болады.

Кез келген халықтың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнері ғасырлар бойы қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған бірегей мәдени құбылыс болып табылады. Ол этностың дүниетанымын, эстетикалық талғамы мен ұлттық ерекшеліктерін айқын бейнелейді. Орталық Азия, Қазақстан және Закавказье халықтарының қолданбалы өнер феномені көшпелі өмір салтымен, заттық мәдениеттің алуан түрлілігімен, әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге негізделген технологиялық әдістердің көптүрлілігімен, сондай-ақ белгілі бір аймақтарға тән ою-өрнек пен көркемдік шешімдердің өзіндік жүйесімен тығыз байланысты.

Осы тақырып аясында «кілем» (килим, ковёр) ұғымының терминологиялық қырын қарастыру қажет. Қазақтілді ғылыми-этнографиялық және ғылыми-көпшілік әдебиеттерде «кілем» сөзі орыс тіліндегі «ковёр» ұғымының баламасы ретінде орныққанымен, бұл терминнің өзіндік мәдени-семантикалық ерекшеліктері бар. Орыс тіліндегі дереккөздерде «ковёр» ұғымы киізден немесе матадан жасалған, еденге төселетін де, қабырғаға да ұсталынатын бұйымдарға – түкті, түксіз кілемдерге, сондай-ақ текемет, сырмақ, откиіз сынды заттарға қатысты қолданылады. Ал дәстүрлі қазақ мәдениетінде «кілем» ұғымы негізінен алашадан басқа, қабырғаға немесе үйдің төріне төсеуге арналған, тоқыма материалдардан жасалған бұйымдарды білдіреді [Қазақ кілемдері, 2012: 16].

Зерттеуші Е.Г. Цареваның пайымдауынша, тоқымашының мақсаты – тұтынушы тарапынан тек қызметтік емес, сонымен қатар сакралды нысан ретінде қабылданатын бұйым жасау. Сондықтан белгілі бір мағынада әрбір кілемді оны жасаған этностың «бет-бейнесін бейнелейтін» туынды ретінде қарастыруға болады [Царева, 2015: 280]. Түркі халықтарының мәдени туыстығы тек тілдік ортақтықпен шектелмейді, ол көркемдік-бейнелі дүниетанымының ойлау жүйесінде, поэтикалық тілде және осы этникалық қауымдастықтарға тән эстетикалық қабылдаудың өзіндік формаларында да көрініс табады.

Материалдар және әдістер. Орталық Азия мен Қазақстан аумағын тарихи тұрғыдан мекендеген қазіргі түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын зерттеу – өткен тарихи үдерістерді заманауи ғылыми тәсілдер мен пәнаралық әдіснамалар негізінде қайта пайымдауды қажет етеді. Осы ғылыми контексте материалдық мәдениеттің, сәндік-қолданбалы өнер мен дәстүрлі колөнердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын – көркемдік-эстетикалық құндылықтар мен түркі халықтарының социомәдени ерекшеліктерін бейнелейтін дәстүрлі кілем тоқу өнерін зерттеу ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Осы зерттеудің әдіснамалық негізін тарих, этнография, мәдениеттану, шығыстану және өнертану сияқты әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында зерттейтін отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың ғылыми теориялары, тұжырымдамалары мен еңбектері құрайды. Зерттеудің басты әдіснамалық қағидаты ретінде тарихи детерминизм алынып отыр. Бұл ұстаным зерттеліп отырған мәселені тарихи үдерістердің өзара себеп-салдарлық байланысы, дамуының жүйелілігі мен ішкі логикасын ескере отырып, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нысанын біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оның барлық құрылымдық элементтері арасындағы байланыстарды анықтауға бағытталған кешенді тәсіл қағидаты маңызды орын алады. Бұл тәсілді қолдану дереккөздерді объективті талдауды, сондай-ақ музейлік каталогтар мен қорларда ұсынылған мәліметтерді қоса алғанда, классикалық және заманауи ғылыми әдебиеттерді сыни тұрғыда пайымдауды көздейді.

Зерттеу барысында дәстүрлі кілем тоқу формаларын тарихи-мәдени динамикада қалпына келтіруге мүмкіндік беретін сипаттамалық және мәдени-тарихи әдістер қолданылады. Сонымен қатар, дәстүрлі кілем тоқу мәселесіне арналған алдыңғы зерттеушілердің еңбектерін талдаудан тұратын аналитикалық тәсіл де қолданылып, зерттеу әдіснамалық құралдарының жиынтығын толықтырады.

Мақаланың дереккөздік базасын – көпғасырлық тарихы бар бірегей қолөнер түрі ретінде кілем тоқу өнерін зерттеуге арналған монографияларда, тақырыптық жинақтарда, ғылыми конференция материалдарында және өзге де жарияланымдарда қамтылған материалдар құрайды. Эмпирикалық материалдың маңызды бөлігін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің, Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің, сондай-ақ басқа да мамандандырылған музей мекемелерінің қорларында сақталған кілем және тоқыма бұйымдарының ғылыми атрибуциялары құрайды.

Талқылау. Түркі халықтарының кілем тоқу өнері туралы алғашқы деректерді ежелгі саяхатшылардың жазбаларынан кездестіруге болады. Атап айтқанда, Марко Полоның еңбектерінде Орталық Азияда өндірілетін кілемдердің сапасы мен сұлулығы жоғары бағаланған. XIX ғасырда бұл тақырыпқа еуропалық және ресейлік зерттеушілер ерекше қызығушылық таныта бастады. А.А. Боголюбов, А.А. Семёнов, Н.Ф. Бурдуков, А.Е. Фелькерзам, С.М. Дудин, В.Г. Мошкова сынды ғалымдар Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың кілем бұйымдарын жинап, олардың материалдық құрылымын, ою-өрнек жүйесін және қолданылу ерекшеліктерін ғылыми сипаттап жазды.

Кеңестік кезеңде этнографиялық және өнертану бағытындағы кешенді зерттеулер жүргізіліп, түркі кілемдерінің семантикасы, көркемдік ерекшеліктері мен технологиялық сипаттамалары жан-жақты зерттелді. Бұл саладағы классикалық ғылыми еңбектер қатарына В.Г. Мошкованың «Орта Азия халықтарының кілемдері» (1970) және С.М. Дудиннің «Орта Азияның кілем бұйымдары» (1928) атты монографияларын жатқызуға болады. Бұл еңбектерде түрікмен, қазақ, өзбек және қырғыз кілемдерінің түрлері, композициялық ерекшеліктері мен символикалық мазмұны талданған.

Қазақ зерттеушілері арасынан М.С. Мұқанов, Э.А. Масанов, Ө. Жәнібеков және Н. Әлімбаев еңбектері ерекше атап өтіледі. Бұл ғалымдардың еңбектері қазақ кілемдерінің классификациясы мен дәстүрлі кілем тоқу өнерінің сипаттамасына арналған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің экспонаттары негізінде жарық көрген «Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары» ғылыми каталогында (ред. Н. Әлімбаев, 2012) алғаш рет қазақ кілемдерін жүйелі ғылыми сипатталды.

Қазіргі ғылыми ортада Г. Тұрсынова, К. Қасенова, Ж. Жүкенова, Д. Рахматов сынды зерттеушілердің еңбектері ерекше назарға ие. Бұл зерттеулер дәстүрлі кілемдердің семантикалық құрылымын, ою-өрнектердің көркемдік тілін, музейлік атрибуция мен экспозициялық тәжірибелерді заманауи тұрғыда түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар, әзірбайжан кілемдерінің ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енуі дәстүрлі кілем тоқу өнерінің мәдени сәйкестік элементі ретіндегі жоғары халықаралық маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, түркі халықтарының кілем тоқу дәстүрін зерттеу барысын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады: саяхатшылардың жолсапар жазбаларындағы алғашқы сипаттамалар; XIX ғасырдағы артефакттерді жинау және классификациялауға арналған ғылыми еңбектер; этнографиялық әдістерге сүйенген кеңестік кезең; және қазіргі кезең, музейлік-мәдениеттанулық интерпретациялар мен цифрландыру бағытындағы зерттеулер. Бұл бағыттар өзектілігін жоғалтпай, жаңа әдіснамалық тәсілдермен және пәнаралық байланыстармен толығып келеді.

Орталық Азияда кілем тоқу өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеу XIX ғасырдың соңынан басталды. Алайда бұл өңірдегі кілемдердің сұлулығы мен сапасы жөніндегі алғашқы деректерді әйгілі итальян саяхатшысы Марко Полоның еңбегінен кездестіруге болады. XIII–XIV ғасырларда жазылған кітабының XXV тарауында ол: «бұл жерде ең жұқа әрі әсем кілемдер, маталар мен өзге де бұйымдар тоқылады» деп атап өткен [Минаев, 1902: 158].

Түрік зерттеушісі Октай Асланапаның пікірінше, кілем – Ежелгі Шығыстың бай тәжірибесі мен көпғасырлық дәстүрлерін бойына сіңірген, жоғары деңгейге жеткен және түркі халықтардың әлемдік мәдени мұрасына қосқан ең құнды үлестерінің бірі болып табылады [Aslanapa, 1987: 17-28].

Зерттеушілердің пікірінше, кілем тоқу кәсібі ежелден мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтар арасында кең таралған. Кілемдер тек тұрғын үйді жылытатын және дыбыс оқшаулайтын элемент қана емес, сонымен қатар адамдардың эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын сәндік қызмет атқарған. Жүннен жасалған бұйымдар, соның ішінде кілемдер, көшпенділердің күнделікті тұрмысынан туындаған: олармен еден, қабырға, киіз үйді сәндеген, сондай-ақ көшпелі өмірге ыңғайлы қапшық, дорба секілді бұйымдар жасаған мысалы, «жувал», «қоржын», «торба-қап» және т.б. Сонымен қатар, кілемдер арба мен ат әбзелдерін безендіруге, сондай-ақ салтанатты рәсімдер кезінде тұрғын үйді сәндеуге қолданылған. Орталық Азияда кілем тоқуға қажетті негізгі материалдар – мақта, зығыр, қой, ешкі және түйе жүні болған. Ертеде кілемдер

қарапайым өрме құрылғыларда қолмен тоқылған, ал XIX ғасырдың соңына дейін жіптерді бояу үшін тек табиғи, негізінен өсімдік тектес бояғыштар қолданылған [Мошкова, 1970: 67–68].

Өнертанушы Г.А. Пугаченкованың пікірінше, кілем тоқу кәсібі – ежелден таралған және әйелдер арасында кең тараған қолданбалы өнердің ең күрделі түрлерінің бірі болған. Тәжірибелі шебер әйелдер кілем тоқу ісін ерте жастан меңгере бастаған: 7–9 жасында қыздар жіп иіруді үйренсе, 11–14 жасында кілем тоқушының шәкірті атанған, ал 16–17 жасында нағыз ұста болып жетілген. Бұл кезеңде олар әлі бояу жұмыстарына қатыспаған. 20–25 жасында тоқу техникасын толық меңгеріп, 30–35 жасында күрделі композициялар жасай алатын тәжірибелі шеберлер деңгейіне жеткен. Кілем тоқу жақсы дамыған аймақтарда өрме станоктары жетілдіріліп, әйелдер кең жақтаулы станоктарда бір мезетте бірнешеуі бірігіп үлкен кілемдер тоқуға мүмкіндік алған. Қолөнер зерттеушілері зерттеу еңбектерінде қолмен кілем тоқу Орталық Азияда, әсіресе, Түркіменстанда кең таралғанын жазған. Г.А. Пугаченкованың айтуынша, кілем тоқу, әсіресе қалың кілемдер тоқу үлкен физикалық күшті қажет етеді. Мұндай кілемдерде түк ұзындығы 3–7 мм (қысқа) және 8–17 мм (ұзын) болуы мүмкін.

Өзбекстанда түкті де, түксіз де кілемдер кең таралған (түксіз кілемдер кейде палас деп аталған). Түкті кілемдерді жасау техникасы өте күрделі болған. Мұндай бұйымдарда негіз жібінен бөлек, түк жасауға арналған қосымша жіп қолданылған, бұл процесс толығымен қолмен атқарылған. Түкті кілемнің ою-өрнегі алдын ала белгіленген үлгі бойынша түрлі-түсті жіптерді тандап алу арқылы жасалған. Түксіз кілемдерде сурет негіз бен арқау жіптерінің қиылысуы арқылы қалыптасса, түкті кілемдерде өрнек түйін санына байланысты жасалған. Бір қатар түйіндер тоқылған соң, негізгі жіп жүргізіліп, сурет арнайы тарақпен тығыздалып, артынша қайшымен қырқылып отырған. Бұл – бірлескен еңбек болып саналатын, ол үшін кең горизонталь станоктар қолданылған [Пугаченкова, Ремпель, 1982: 87].

Этнограф В.Г. Мошкова түрікмендер арасындағы дәстүрлі кілем тоқу техникасы ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп отырғанын атап көрсетеді. Техникалық күрделілік, өрнек нақыштарының көркемдігі мен бояу үйлесімінің нәзіктігі арқасында кілем тоқу өнері түрікмен халқының қолданбалы өнер жүйесінде ерекше орын алған. Сонымен қатар, Өзбекстан мәдениетінде де кілемдердің маңызы зор болған. Жергілікті кілемдер жоғары сапасымен, бірегей дизайнымен және бай түстерімен ерекшеленген. «Өзбек кілемдері халық өнерінің көрнекті ескерткіші және материалдық мәдениетті зерттеудің маңызды көзі», – деп жазған Мошкова [Мошкова, 1970: 131].

Айқын құндылығына, өзбек кілемдері ұзақ уақыт бойы кең тұтынуына қарамастан ғылыми зерттеулердің назарынан тыс қалып отырды. Бұл жағдай, ең алдымен, Өзбекстанда басқа сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің кесте, жібек маталар, алтынмен кестелеу, батик – отырықшы егіншілікпен айналысатын халықтар арасында кең таралуымен түсіндіріледі. Ал кілем тоқу өнері, керісінше, жартылай көшпелі малшылар қауымдастығы арасында сақталып, кілемдер, негізінен, тұрмыстық қажеттіліктер үшін, сауда мақсатында емес, жасалған. Бұл фактор өзбек кілемдерінің салыстырмалы түрде шектеулі таралуына да әсер етті. Бүгінгі күнге дейін өзбек кілемдерінің пайда болу тегі мен олардың мағыналық мазмұнына қатысты ғалымдар арасында ортақ көзқарас жоқ. Көршілес этностардың ықпалы, мәдени өзара байланыстар мен этногенетикалық жақындық салдарынан өзбек кілемдері көбіне қарақалпақ және қырғыз кілемдеріне ұқсас болып келеді, бұл олардың нақты жіктелуін күрделендіреді [Гюль, 2019: 14-15].

Орталық Азия кілемдері, әдетте, шыққан жері немесе этникалық белгісі бойынша аталып, пішіні мен қолданылуына қарай ерекшеленеді. Техникалық және аймақтық ерекшеліктеріне байланысты олар келесі топтарға бөлінеді: 1) кавказдық; 2) орталықазиялық; 3) ирандық; 4) түрік; 5) қытайлық; 6) жібек; 7) украиналық; 8) жүнсіз кілемдер. Бұл ретте орталықазиялық кілемдер халықаралық нарықта ерекше маңызға ие және ең бағалы әрі сұранысқа ие түрлердің бірі болып саналады.

Орталық Азия кілемдері шетелде де ең жоғары сұранысқа ие, бағалы құндылығы бар кілемдер саналады. Олар аймақтық ерекшеліктеріне қарай өзбек, қарақалпақ, қырғыз және түрікмен кілемдері деп бөлінеді. Бұлардың ішінде түрікмен кілемдері ерекше орын алады. Олар қатаң декоративтік құрылымы және ұстамды түстік гаммасымен ерекшеленеді. Әдетте, негізгі фон ретінде ашық қызыл түс қолданылады, ал өрнектерге ақ, қоңыр, қызғылт-сары, сары және қара түстер. Ең үздік үлгілер қой мен түйе жүнінен, сирек жағдайда – жібек немесе мақта жіптен тоқылған. Түрікмен кілемдерінің композициялық орталығы «гёл» элементі болып табылады (түрікмен тілінен аударғанда «өрнек, бейне»). Ол ішкі өрнектері бар күрделі симметриялы фигура түрінде бейнеленеді және жиі жапырақша, ілмек немесе тіс тәрізді элементтермен жиектеледі. Көп жағдайда «гёлдің» ішкі бөлігі төрт бөлікке бөлінеді, олар сызықтармен немесе торлармен байланыстырылған. Бұл элементтер

қатарымен орналасып, олардың арасына ұсақ геометриялық фигуралар енгізіледі. Кейбір зерттеулерге сүйенсек, «гёл» бұл рудың немесе тайпаның тотемдік символы, әрбір түрікмен руының өзіне тән ою-өрнегі болған. Сонымен қатар, кілемдерге тән тағы бір ерекшелік олардың шеткі бөлігінде екі көлденең жолақтың болуы. Ескі үлгілерде бұл жолақтар түксіз болса, XIX ғасырдың ортасынан бастап белгілі бір өрнектері бар түкті жолақтармен ауыстырылған [Мошкова, 1946: 145-162].

Әзербайжан кілем тоқу өнері қолданбалы өнердің ең көне түрлерінің бірі саналады. Археологиялық қазбалар мен жазба деректерге сүйенсек, бұл өңірде кілем тоқу өнерінің қалыптасуы қола дәуіріне жатады. Әзербайжандағы кілем тоқу шеберлігінің даму тарихы бірнеше кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңдегі бұйымдар өте қарапайым және өрнексіз болған; осы кезеңде джеджим және палас сияқты түрлер пайда болған. Кейінірек тоқу техникасы күрделеніп, дамыған. Келесі кезеңде «сумах» және «зили» сияқты әдістер кеңінен қолданысқа енген [Абдуллаева, 1971: 75-78].

Географиялық ерекшеліктері, өрнектік мотивтері, композициялық шешімдері, түстік палитрасы мен техникалық сипаттамаларына қарай әзербайжан кілем тоқу өнері сегіз негізгі мектепке бөлінеді: 1) Куба; 2) Ширван; 3) Гянджа; 4) Қазах; 5) Қарабақ; 6) Тебриз; 7) Абшерон; 8) Ардебил мектептері [Алиева, 1984: 131-133].

Соңғы онжылдықтарда әзербайжан кілем тоқу өнеріне мемлекет тарапынан айтарлықтай қолдау көрсетіліп келеді. Бұрынғы беделінен айырыла бастаған бұл өнер түрі Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуынан кейін қайта жанданды. Кілем тоқу ісін қолдау мен дамыту үшін заңнамалық база құрылды. Атап айтқанда, 2004 жылғы 7 желтоқсанда «Әзербайжан кілем өнерін қорғау және дамыту туралы» Әзербайжан Республикасының Заңы қабылданып, 2005 жылғы 7 ақпанда осы заңды жүзеге асыру туралы тиісті жарлық шығарылды.

Әзербайжан кілемдерін кеңінен насихаттау, көрмеге шығару және тарату мақсатында 2014 жылы Баку қаласының жағалауындағы Ұлттық саябақ аумағында Әзербайжан кілем музейі ашылды. Бұл сәулет жағынан бірегей нысан ел астанасының жаңа мәдени көрнекті орындарының біріне айналды. Осы бастамалар ЮНЕСКО-ның 2010 жылғы 16 қарашада әзербайжан кілем өнерін Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне қосу шешімінің негізділігін айғақтайды.

Қырғыз кілемдері де жоғары сапасымен кеңінен танымал. Бұл олардың техникасындағы нақтылық пен көркем тәсілдердің шеберлігімен байланысты. Қолдану техникасының көркемдігі мен халықтық бейнелеу мотивтері қырғыз кілемдеріне бірегей эстетикалық әсерлілік береді. Белгілі болғандай, кілем тоқу өнері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтар арасында ерекше дамыған. Бұл өмір сүру салтына байланысты: киіз үй ішкі және сыртқы кеңістігін көркем безендіру мүмкіндігінің шектеулілігі функционалды, сонымен қатар сәндік интерьер бұйымдарын жасау қажеттілігін тудырған. Кілемдер жайлылықты қамтамасыз етіп, жылу сақтап, үйге көрік берген. Дәстүр бойынша, қалыңдық күйеу жігіттің үйіне келген кезде оны толығымен жабдықтауға міндетті болған. Қыздың міндетіне анасы үйреткен кем дегенде үш кілем тоқу кірген. Сондықтан қырғыз дәстүрінде, Орталық Азияның басқа да халықтарында сияқты, үйлену тойының алдында қалыңдық жақтағы ең шебер әйелдер жиналып, бірге кілем тоқитын болған [Сатыбалдиева, 2024: 84-90].

Орталық Азия халықтарының кілем тоқу өнеріне арналған ғылыми зерттеулер арасында ресейлік зерттеушілердің еңбектерінің маңызы зор. Бұл салада алғашқылардың бірі болған генерал А.А. Боголюбов Орталық Азия кілемдерінің кең ауқымды коллекциясын жинап, олардың түрлері, тоқу техникасы мен стильдік ерекшеліктеріне қатысты кешенді зерттеу жүргізді. Халық өнері көрмесінің ұйымдастырылуына орай жарияланған фотоальбомда түкті кілемдердің алғашқы ғылыми жіктеу әрекеттері қамтылған [Боголюбов, 1908–1909: 66]. Аталған еңбекте әсіресе Ферғана жазығының Әндіжан өңірінде өмір сүрген қыпшақ, қыдырша және тоолыс тайпалары жасаған қырғыз халқының кілем үлгілері бейнеленген. А.А. Боголюбов қырғыз кілем тоқу өнерінің ортағасырлық тамыры бар екенін дәлелдеп, оны көне дәстүрлі қолөнер ретінде қарастырды. Сонымен қатар, ол түрікмен кілем өнерінің тарихын зерттеп, ою-өрнек формаларының көркемдік интерпретациясын талдады. Ғалымның пікірінше, түрікмендер, сондай-ақ өзбектердің, қазақтардың және қырғыздардың жекелеген топтары кілем тоқу дәстүрлерін Орталық Азияның байырғы тұрғындары – парфияндар, сарматтар мен аландардан қабылдаған болуы мүмкін.

Қырғыз кілем тоқу өнерін жоғары бағалаған тағы бір маңызды зерттеуші А.А. Семёнов болды. Ол барлық қырғыздар бұл кәсіппен айналысқан деген қорытындыға келді. Оның еңбектерінің ерекшелігі – бояғыш заттар мен жіп бояу технологиялық үдерісін талдауға арналған. Сонымен қатар, ол түрікмен кілемдеріндегі ою-өрнек үлгілерінің ассириялық және халдейлік мотивтерге ұқсас екенін атап өтті. Бұл жөнінде әйгілі саяхатшы Марко Поло да жазған. Ол түрікмендердің басты қолөнер түрі

ретінде кілем тоқу өнерінің, әсіресе мақтадан жасалған кілем өндірісінің маңыздылығын ерекше көрсеткен [Семенов, 1911: 145–151].

Орталық Азия кілемдерін зерттеу ісіне зор үлес қосқандардың арасына барон А.Е. Фелькерзамды атап кеткен орынды. Ол кеңестік кезеңдегі қырғыз халқының тоқыма бұйымдарына арналған жеке монография жазды. Бұл еңбекте XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы шығыс өңірлерінде кілем өндірісінің таралуы мен ерекшеліктері сипатталған. Зерттеуші С.М. Дудин мен Н.Ф. Бурдуковтың жеке коллекцияларына алғысын білдіре отырып, олардың арқасында кілем үлгілерін тереңірек зерделеуге мүмкіндік туғанын атап өтті. Әсіресе, Н.Ф. Бурдуковтың Орталық Азия, Парсы және Ауғанстанға жасалған этнографиялық экспедициялары барысында жиналған коллекциясы ерекше бағаланды. Бұл коллекция Санкт-Петербургтегі барон Штиглиц атындағы көркемөнер мектебінің музейінде өткен «Түркістан кілемдері» атты тарихи көрмеде қойылған болатын [Бурдуков, 1904: 48].

Жиналған коллекциялар жүннен жасалған кілем түрлерін жіктеуге мүмкіндік берді. А.Е. Фелькерзам өз зерттеулерінде кілем бұйымдарының қолданбалы маңыздылығын және олардың жасалуының техникалық күрделілігін атап өтеді. Декоративтік-қолданбалы өнердің көптеген түрлері уақыт өте өзгеріске ұшырағанымен, кілем тоқу өнері өзінің бірегейлігі мен өзектілігін сақтап қалды. Фелькерзамның пікірінше, Орталық Азияда кілем тоқу өнері негізінен көшпелі этностар – түрікмендер, қырғыздар мен отырықшы өзбектер арасында дамыды. Алайда, ол қырғыздарды бұл дәстүрдің шынайы сақтаушылары ретінде ерекше атап көрсетеді. Шығыс Түркістанда, әсіресе Хотан қаласында, ең сапалы кілемдер қырғыздар тарапынан тоқылғанын да нақтылайды [Фелькерзам, 1914: 80].

Бұл мәліметтер С.М. Дудиннің еңбектерінде де расталады. Ол өңірлік дәрігер Пальцевтен алынған деректерге сүйене отырып, аталған аймақта кілем тоқу өнерімен қырғыздар мен отырықшы өзбектер айналысқанын жазады. Айта кетерлігі, Хотанда жасалған кілемдердің технологиясы мен өңдеу тәсілі Ферғана мен Өндіжанда өндірілген кілемдермен ұқсас болған. Тарихи мәліметтер бойынша, бұл өңірлерде кілем тоқу өнері қырғыз этносына кіретін қыпшақ тайпаларына тән болған.

Суретші С.М. Дудин кейбір кілемдердің өзбек қолөнеріне тиесілі болуы мүмкін деп болжағанымен, барон А.Е. Фелькерзам қазіргі кездегі Өзбекстан аумағында да кілем тоқу ісімен тек қырғыз тайпалары айналысқанын нақты мәлімдейді [Фелькерзам, 1914: 13]. Ол сондай-ақ кейбір қырғыз тайпалары тек қана түксіз кілемдер (шырдақ, шырдамал) тоқумен шектелгенін, ал түкті кілем тоқу өнері кең тарамағанын атап өтеді. Оның зерттеулері кілем тоқу техникасы мен ою-өрнек элементтеріне бағытталған. Сонымен қатар, түкті кілемдер қырғыздардың тұрмысында негізгі элемент болмағаны айтылады.

«Бұхара кілемі» мен «Хотан кілемі» атаулары көбіне саудада қолданылғанымен, бұл өңірлерде нақты кілем тоқу дәстүрлері болмаған. А.Е. Фелькерзам бұхарлықтар, тәжіктер мен сарттар кілем тоқумен айналыспағанын баса көрсетеді. Оның пікірінше, көшпелі халықтардың тоқылған кілемдері парсы кілемдеріне қарағанда нарықтық құндылығы төмен болса да, олардың түпнұсқалығы, табиғилығы және көркемдік әсері анағұрлым жоғары болған. Сонымен қатар, ол Марко Полоның Хубилай ханның киіз үйлеріне қатысты сипаттамаларын келтіре отырып, бұл кілемдердің тек сәндік мақсатта ғана емес, денсаулықты сақтау үшін де қолданылғанын, тіпті ханның сапарларына арналған көшпелі шатырларда да пайдаланылғанын атап өтеді. Барон А.Е. Фелькерзам Орталық Азиядағы түрікмендердің рулық-тайпалық кілемдерін жіктеумен қатар, олардың өндірістік ерекшеліктерін де зерттеген. Ғалым кілемдерді тікелей зерттеуге кіріспестен бұрын, жергілікті халықтың тұрғын үй архитектурасын алдын ала талдау қажеттігін атап өткен. Оның пікірінше, бұл аспект кілем тоқу өнерін тереңірек түсіну үшін маңызды контекст болып табылады [Фелькерзам, 1914: 45-48].

Барон А.Е. Фелькерзам Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Ферғана облысы Өндіжан және Ош уездеріндегі қырғыз кілемдерін зерттеп, дәл осы өңірлерде қырғыз шеберлері кілем тоқу өнерінің жоғары деңгейін көрсеткенін растады. Оның пайымдауынша, Қашғар кілемдерін де сол жердегі қырғыздар тоқыған деген қорытындыға келген. «Орта Азияның ежелгі кілемдері» атты еңбегінде ол өңірлік ерекшеліктерді жақсы білетін Өндіжандық А. Утямышевтің мәліметтерін пайдаланған. Автордың пікірінше, Орталық Азиядағы тәжіктер мен сарттар көбіне кілем тоқудан едәуір өзгеше саналатын кестелеу техникасын (сюзане) қолданған. Ал қырғыздар, түрікмендер мен өзбектер жартылай көшпелі өмір салтының аясында кілем тоқу дәстүрін сақтап қалған және бір-бірімен тығыз мәдени байланыста болған.

С.М. Дудин «Орта Азия халықтарының кілемдері» атты іргелі еңбегінде қазақ кілемдерінің түрікмен және өзбек кілемдеріне ұқсастығын атап өтеді. Бұл ұқсастық кілем өрнегі мен фон арасындағы тепе-теңдіктен, олардың пішіні мен пропорциясынан көрінеді [Дудин, 1928: 107–110].

Фон мен өрнек арасындағы тепе-теңдік, олардың аумақтарының сәйкестігі – Орталық Азия мен Қазақстан кілемдерінің парсы кілемдерінен ерекшеленетін басты белгілерінің бірі.

Қазақ кілемдері де аймақтың басқа кілемдері секілді сегізбұрыш, алтыбұрыш және созылыңқы ромб пішінді «қошқар мүйіз» стиліндегі төрт жұп қошқар мүйізінен тұратын композицияларымен ерекшеленеді. Дудиннің айтуынша, бір ғана өрнек түрлі кілемдерде әртүрлі бейнеленуі мүмкін, бұл жалпы композиция мен көркемдік тұтастыққа зиян келтірмейді [Дудин, 1928: 135]. Өрнектік элементтердің қайталануы – қазақ кілеміне тән сипат.

Ғалым Д.Н. Логофет те Орталық Азиядағы кілем тоқу дәстүрін зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Өз еңбектерінде ол түрікмендердің этникалық тарихын, тұрмысын, шаруашылығын және колөнерін егжей-тегжейлі сипаттады. Ол материалдық мәдениеттің қоғамның экономикалық негіздерін қалыптастырудағы маңызды рөлін дәлелдеді. Әсіресе, жергілікті тоқушылардың мата бояу техникасын жетік меңгеруі ежелгі әрі дамыған бояу дәстүрлерінің болғанын көрсетеді [Логофет, 1911: 7–8].

Сырдария облысының әскери губернаторы және Түркістан өлкесіндегі әскерлердің қолбасшысы – генерал-лейтенант Н.И. Гродеков қырғыздардың дәстүрлі өмір салтын зерттей келе, қазіргі Қырғызстанның оңтүстік өңірлерінде әкенің ұлына деген қамқорлығы қасиетті борыш деп есептелгенін атап өтеді. Өке баласы ер жеткенше оны тәрбиелеп, үйлендіріп, қалыңмалы мен малы – ірі қара, қой және жылқысын беріп, жеке отау тігуіне көмектесуі тиіс болған. Үйленген соң жас отбасыны бөлек шығару да әкенің міндетіне кірген. Дәстүр бойынша әр ана әр ұлына өз қолымен тоқылған кілем сыйлайтын болған, бұл кілем тоқудың отбасы мәдениетіндегі ерекше орнын көрсетеді [Гродеков, 1889: 150–155].

XVIII–XIX ғасырлардағы зерттеулерге келсек, А.И. Левшиннің Орталық Азияға жасаған сапарларына арналған еңбектерінде кілем тоқу және оның жергілікті халықтар өміріндегі рөлі жөнінде маңызды мәліметтер келтірілген. Оның еңбегі өңір халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрлерін түсінуге зор үлес қосады [Левшин, 1832: 304].

XX ғасырдың басынан бастап бұл салада ғылыми зерттеулер белсенді жүргізіле бастады. Мәселен, Е. Беленькая Өзбекстан мен Тәжікстандағы кілем тоқу дәстүрін жан-жақты зерттеп, өрнектердің эволюциясы, олардың символикасы мен сыртқы ықпалдардың әсерін талдады. Ал М. Архипов Түрікменстандағы кілем тоқу өнерін зерттеуге маманданған. Оның еңбектерінде түрікмен тоқушылары қолданған технологиялар мен материалдар сипатталып, кілемдердің түрікмен қоғамындағы әлеуметтік рөлі қарастырылады.

Нәтижелер. Бүгінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінде кілемдер мен кілем бұйымдарының кең коллекциясы жинақталған. Бұл қорда шамамен 300-ге жуық сақтау бірлігі бар. Жинақ Қазақстанның түрлі аймақтарынан көп жылдар бойы жиналған. Қолданылған материалдар, дайындау технологиялары және практикалық мақсаттарына қарай, коллекциядағы кілем бұйымдары бес негізгі топқа бөлінеді: түкті кілемдер («қалы кілем»), түксіз кілемдер («тақыр кілем»), алаша, қабырғаға арналған сәндік кілемдер («тұс кілем»), сондай-ақ шағын форматтағы кілем бұйымдары.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі «Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан» атты ғылыми каталог шығарды. Жоба жетекшісі әрі ғылыми редакторы белгілі ғалым, сол кездегі музей директоры Н. Әлімбаев болды. Каталогқа музей қорында сақталған дәстүрлі қазақ кілемдері мен алуан түрлі текстиль бұйымдарының барлық негізгі түрлері енген. Экспонаттардың хронологиялық шеңбері XVIII ғасырдың соңынан XX ғасырдың 1970-жылдарына дейінгі аралықты қамтиды [Қазақ кілемдері, 2012: 3–5].

Бұл ғылыми басылым этнографиялық экспедиция материалдары негізінде дайындалды. Экспедициялар Қазақстанның түрлі өңірлерінде, сондай-ақ Қытай, Түрікменстан және Моңғолиядағы қазақ диаспорасы арасында жүргізілді. Сонымен қатар, музейлік қорды толықтырған бұйымдарды тіркейтін түгендеу кітаптарындағы деректер де пайдаланылды. Каталогта артефакттардың жасалу уақыты, шыққан аймағы, материалдары, дайындау технологиясы мен шеберлері жөнінде жүйелі ақпарат берілген. Бұл деректер болашақтағы ғылыми зерттеулерге мол мүмкіндік ашады.

Дегенмен, бұл басылым шектеулі таралыммен жарық көрген және оның ғылыми маңыздылығына қарамастан, бұрын болған қазақ түкті кілемдерінің барлық алуан түрлілігін — әсіресе рулық және аумақтық ерекшеліктерін толық қамтымайды. Осыған байланысты, Қазақстан әртүрлі музейлерінде және әсіресе шалғай ауылдық жерлер мен шетелдегі этникалық қазақтар арасында сақталып қалған түкті кілем үлгілерін цифрлық түрде тіркеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдарынан бөлек, музей қорында Қазақстан аумағында тұратын өзге этностардың да бұйымдары бар. Мұндай экспонаттардың саны шамамен 19 сақтау бірлігін құрайды, олардың көпшілігі түрікмен кілемдері.

Ө. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейінің экспедициялық жинау жұмыстары нәтижесінде ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін Қазақстанда түкті кілем жасау дәстүрі сақталғаны анықталды. Музейдің түкті кілемдер қорының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан шеберлерінің туындылары. 1960-жылдары бұл өңірде кілем өндірісі бұқаралық сипатқа ие болған.

Жеке коллекционерлердің жинақтары да назар аударады. Белгілі қазақстандық коллекционер, энтузиаст Д. Бектаева мен зергер С. Башировтың жинақтарын ерекше атап өтуге болады. Д. Бектаеваның коллекциясында 500-ден астам бұйым бар, ең көне кілемдер ХІХ ғасырға жатады.

Орталық Азия кілемдеріне арналған шетелдік музей коллекцияларына да көңіл бөлу қажет. Атап айтқанда, Ресей Федерациясындағы Этнографиялық музейі, Эрмитаж және басқа да мекемелердің қорында осындай туындылар бар. Ал әлемдегі ең ірі кілем коллекциялары – Лондондағы Виктория мен Альберт музейінде, Нью-Йорктегі Метрополитен музейінде және Сан-Францискодағы – Де Янг музейінде сақталған [Шайгозова, Ибрагимов, 2023: 285].

Қазіргі жаһандану жағдайында коллекцияларды цифрландыру және әр жәдігер туралы толық сипаттамасы бар онлайн-каталогтар жасау маңызды міндетке айналды. Бұл зерттеушілерге кілем тоқу өнерінің түрлі қырларын зерделеуге мол мүмкіндік береді және қазіргі заманғы шеберлерге дәстүрлі үлгілерден – пішіндер мен түстерден – шабыт алып, жаңа туындылар жасауға жол ашады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың кілемдері тек тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар ғана емес, олардың шаруашылық-мәдени өмір салтын бейнелейтін өнер туындылары болып табылады. Орталық Азия, Қазақстан және Кавказ тұрғындарының өміріндегі кілемдердің қызметтері өзгермесе де, олардың мәдени ерекшеліктері салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарындағы айырмашылықтарға байланысты – өзіндік сипатқа ие. Әрбір кілем қазақ, қырғыз, түрікмен, өзбек, қарақалпақ немесе эзербайжан болсын өз халқының шығармашылық әлеуеті мен шеберлігін айшықтайтын қайталанбас өнер туындысы.

Бүгінгі таңда тарихи-географиялық аймақ халықтарының кілемдері әлемнің түрлі музейлерінде үлкен қызығушылық тудыруда. Олар ғылыми зерттеу мен талдаудың нысанына айналған, көптеген ғалымдар бұл бұйымдарды өңір халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің жарқын көрінісі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, бұл кілемдер қазіргі заманғы дизайн мен өнерде өз орнын тауып, Орталық Азия, Қазақстан және Кавказ халықтарының дәстүрлері мен мәдени мұраларын сақтау мен насихаттауға өз әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

- Абдуллаева, 1971 – *Абдуллаева Н.* Ковровое искусство Азербайджана. Баку: Элм, 1971. 150 с.
- Алиева, 1984 – *Алиева К.М.* Безворсовые ковры Азербайджана (XVII – начало XX вв.): автореф. дисс. ... канд. искусствоведения. М., 1984. 25 с.
- Боголюбов, 1908–1909 – *Боголюбов А.А.* Ковровые изделия Средней Азии. Вып. 1–2. СПб.: Экспедиция заготовления гос. бумаг, 1908–1909. 66 с.
- Бурдуков, 1904 – *Бурдуков Н.Ф.* Ковры Туркестана: указатель к коврам, выставленным на Исторической выставке в Музее училища барона Штиглица. СПб.: Тип. тов-ва Р. Голике и А. Вильберг, 1904. 48 с.
- Гродеков, 1889 – *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Ташкент: Типография С.И. Лахтина, 1889. 234 с.
- Гюль, 2019 – *Гюль Э.* Ковры Узбекистана. История, эстетика, семантика. Ташкент: АН Республики Узбекистан, 2019. 256 с.
- Дудин, 1928 – *Дудин С.М.* Ковровые изделия Средней Азии // Сборник МАЭ. 1928. Т. 7. С. 71–166.
- Каруц, 1911 – *Каруц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке: Этнографические очерки. СПб.: Изд. А.Ф. Девриена, 1911. VI, 189 с., 33 л. ил., карт.
- Қазақ кілемдері, 2012 – *Қазақ кілемдері* мен тоқыма бұйымдары: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан (ғылыми каталог) / Ғыл. ред. және жоба жетекшісі Н. Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012. 387 б.

- Левшин, 1832 – *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 3. Этнографические известия. СПб.: Типография Карла Крайя, 1832. [6], 304 с.
- Логофет, 1911 – *Логофет Д.Н.* Бухарское ханство под русским протекторатом. Т. I. СПб.: Изд. В. Березовский, 1911. 331 с.
- Минаев, 1902 – *Минаев И.П.* Путешествие Марко Поло: Перевод старофранц. текста. СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1902. XXIX, [5]. 355 с.
- Мошкова, 1946 – *Мошкова В.Г.* Племенные «гёли» в туркменских коврах // Советская этнография. 1946. № 1. С. 145–162.
- Мошкова, 1970 – *Мошкова В.Г.* Ковры народов Средней Азии конца XIX – начала XX вв. Ташкент: Фан, 1970. 254 с., 18 л. ил.
- Пугаченкова, Ремпель, 1982 – *Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.И.* Очерки искусства Средней Азии. Древность и средневековье. М.: Искусство, 1982. 288 с.
- Руденко, 1961 – *Руденко С.И.* Искусство Алтая и Передней Азии (середина I тысячелетия до н.э.). М.: Восточная лит-ра, 1961. 68 с. + 18 табл.
- Сатыбалдиева, Имарали кызы, 2024 – *Сатыбалдиева Ч.Т., Имарали кызы А.* К вопросу об исследованиях традиции ковроткачества кыргызов досоветского времени // Вестник Ошского государственного университета. История. 2024. № 2 (5). С. 84–90.
- Семенов, 1911 – *Семенов А.А.* Ковры русского Туркестана // Этнографическое обозрение. 1911. № 1/2. С. 137–176.
- Фелькерзам, 1914 – *Фелькерзам А.Е.* Старинные ковры Средней Азии // Старые годы. Петроград, 1914. [4], 80 с., 22 л. ил.
- Царева, 2015 – *Царева Е.Г.* Ковроделие арабов южных районов Узбекистана. Конец XIX – начало XXI века // Сборник МАЭ. 2015. Т. LXI. С. 270–357.
- Шайгозова, Ибрагимов, 2023 – *Шайгозова Ж.Н., Ибрагимов А.И.* Кілем току – инемен кудық қазғандай: қазақтың кілем току өнерін зерттеу, сақтау және дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2023. № 4 (79). С. 279–288.
- Aslanapa, 1987 – *Aslanapa O.* Türk Halı Sanatının Bin Yılı. İstanbul: Eren Yayınları, 1987. 235 s.

References

- Abdullaeva, 1971 – *Abdullaeva N.* Kovrovoye iskusstvo Azerbaidzhana [Carpet Art of Azerbaijan]. Baku: Elm, 1971. 150 p. [in Russian]
- Alieva, 1984 – *Alieva K.M.* Bezzorovoye kovry Azerbaidzhana (XVII – nachalo XX vv.) [Non-pile Carpets of Azerbaijan (17th – Early 20th Centuries)]: avtoref. diss. ... kand. iskusstvovedeniya. Moscow, 1984. [in Russian]
- Aslanapa, 1987 – *Aslanapa O.* Türk Halı Sanatının Bin Yılı [A Thousand Years of Turkish Carpet Art]. İstanbul: Eren Yayınları, 1987. 235 p. [in Turkish]
- Bogoliubov, 1908–1909 – *Bogoliubov A.A.* Kovrovoye izdeliia Srednei Azii. [Carpet Products of Central Asia. Vyp. 1–2. St. Petersburg: Exped. zagotovleniya gos. bumag, 1908–1909. 66 p. [in Russian]
- Burdukov, 1904 – *Burdukov N.F.* Kovry Turkestana: ukazatel' k kovram, vystavlennym na Istoricheskoi vystavke v Muzee uchilishcha barona Shtiglitsa [Carpets of Turkestan: Index to the Carpets Exhibited at the Historical Exhibition in Baron Stieglitz School Museum]. St. Petersburg: Tip. tov-va P. Golike i Vil'berg, 1904. 48 p. [in Russian]
- Dudin, 1928 – *Dudin S.M.* Kovrovoye izdeliia Srednei Azii [Carpet Products of Central Asia]. *Sbornik MAE*. 1928. Vol. 7. Pp. 71–166. [in Russian]
- Felkerzam, 1914 – *Felkerzam A.E.* Starinnye kovry Srednei Azii [Ancient Carpets of Central Asia]. Starye gody. Petrograd, 1914. [4], 80 p., 22 leav. of ill. [in Russian]
- Grodekov, 1889 – *Grodekov N.I.* Kirgizy i karakirgizy Syrdar'inskoi oblasti [The Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syr Darya Region]. Tashkent: Tipolit. S.I. Lakhtina, 1889. 234 p. [in Russian]
- Gül, 2019 – *Gül E.* Kovry Uzbekistana. Istoriia, estetika, semantika [Uzbekistan Carpets. History, Aesthetics, Semantics]. Tashkent: AN Respubliki Uzbekistan, 2019. 256 p. [in Russian]
- Karutz, 1911 – *Karutz R.* Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake: Etnograficheskie ocherki [Among the Kyrgyz and Turkmen on Mangyshlak: Ethnographic Essays]. St. Petersburg: Izd. A.F. Devriyena, 1911. VI. 189 p., 33 l. il., kart. [in Russian]
- Levshin, 1832 – *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei. Part 3. Etnograficheskie izvestiia [Description of the Kirghiz-Kazakh, or Kirghiz-Kaisak Hordes and Steppes. Part 3. Ethnographic Accounts]. St. Petersburg: Tip. Karla Krayya, 1832. [6], 304 p. [in Russian]
- Logofet, 1911 – *Logofet D.N.* Bukharskoe khanstvo pod russkim protektoratom. Vol. I [The Bukhara Khanate under Russian Protectorate]. St. Petersburg: Izd. V. Berезovskiy, 1911. 331 p. [in Russian]
- Minaev, 1902 – *Minaev I.P.* Puteshestvie Marko Polo: Pervod starofrantsuzskogo teksta [Marco Polo's Travels: Translation of Old French Text]. Ed. V.V. Bartol'd. – St. Petersburg: Tip. M.M. Stasiulevicha, 1902. XXIX, [5], 355 p. [in Russian]

- Moshkova, 1946 – *Moshkova V.G.* Plemenye "gioli" v turkmenskikh kovrakh [Tribal "Gels" in Turkmen Carpets]. *Sovetskaia etnografiia*. 1946. No. 1. Pp. 145–162. [in Russian]
- Moshkova, 1970 – *Moshkova V.G.* Kovry narodov Srednei Azii kontsa XIX – nachala XX vv. [Carpets of the Peoples of Central Asia, Late 19th – Early 20th Centuries]. Tashkent: Fan, 1970. 254 p., 18 l. il. [in Russian]
- Pugachenkova, Rempel', 1982 – *Pugachenkova G.A., Rempel' L.I.* Ocherki iskusstva Srednei Azii. Drevnost' i srednevekovie [Essays on the Art of Central Asia. Antiquity and the Middle Ages]. Moscow: Iskusstvo, 1982. 288 p. [in Russian]
- Qazaq kilemderi, 2012 – *Qazaq kilemderi* men toqyma büiymdary: Qazaqstan Respublikasynyń Memlekettik Ortalyq muzei kolleksiasynan (ǵylymi katalog) [Kazakh Carpets and Textiles: From the Collection of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan]. Gylymi redaktor jane joba jetekshisi: Nursan Alımbai. Almaty: ICOS, 2012. 387 p. [in Kazakh]
- Rudenko, 1961 – *Rudenko S.I.* Iskusstvo Altaia i Perednei Azii (seredina I tysiachiletiia do n.e.) [The Art of Altai and Western Asia (Mid-1st Millennium BC)]. Moscow: Vostochnaya literatura, 1961. 68 p. + 18 tabl. [in Russian]
- Satybaldieva, Imarali kyzy, 2024 – *Satybaldieva Ch.T., Imarali kyzy A.* K voprosu ob issledovanii traditsii kovrotkachestva kyrgyzov dosovetskogo vremeni [On the Study of Kyrgyz Carpet-Weaving Traditions of the Pre-Soviet Period]. *Vestnik Oshskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriia*. 2024. № 2 (5). Pp. 84–90. [in Russian]
- Semenov, 1911 – *Semenov A.A.* Kovry russkogo Turkestana [Carpets of Russian Turkestan]. *Etnograficheskoe obozrenie*. 1911. No. 1/2. Pp. 137–176. [in Russian]
- Shaigozova, Ibragimov, 2023 – *Shaigozova Zh.N., Ibragimov A.I.* Kilem toqū – inemen qudyq qazǵandai: Qazaqtyń kilem toqū önerin zertteu, saqtau jáne damytu [Weaving Carpets is Like Digging a Well with a Needle: Studying, Preserving and Developing Kazakh Carpet Art]. *Khabarshy. Abai atyndagy QazǰPU. Tarikh jáne sayasi-áleumettik ǵylymdar seriiasy*. 2023. No. 4 (79). Pp. 279–288. [in Kazakh]
- Tsareva, 2015 – *Tsareva E.G.* Kovrodelie arabov iuzhnykh raionov Uzbekistana. Konets XIX – nachalo XXI veka [Carpet Weaving of Arabs in Southern Uzbekistan. Late 19th – Early 21st Century]. *Sbornik MAE*. 2015. Vol. 61. Pp. 270–357. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ..... | 5 |
| Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ..... | 22 |
| Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.)..... | 40 |
| Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY..... | 54 |
| Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II..... | 66 |
| Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.)..... | 77 |
| Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES..... | 91 |
| Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT..... | 107 |
| Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН..... | 118 |
| Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ..... | 132 |
| Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ..... | 142 |

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ..... | 161 |
| Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ..... | 174 |
| Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.К., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ..... | 185 |
| Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР..... | 199 |
| Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS)..... | 210 |
| Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)..... | 219 |
| Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY..... | 234 |
| Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ)..... | 249 |
| Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ)..... | 266 |
| Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940)..... | 276 |
| Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC..... | 288 |

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ..... | 303 |
| Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ..... | 312 |
| Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ..... | 325 |
| Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ..... | 333 |
| Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ..... | 343 |
| Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 353 |
| Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ..... | 367 |
| Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР)..... | 378 |
| Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ..... | 387 |
| Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ..... | 400 |
| Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ..... | 410 |

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
